

2009-02-11:

Ғалымдар өз көзқарастарын білдірді

Кеше Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың осы жылғы 2 ақпанда “Российская газета” басылымында жарияланған “Дағдарыстан шығу кілті” атты мақаласын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге Л.Н.Гумилев атындағы университеттің ректоры, заң ғылымдарының докторы Б.Әбдірайымов, Парламент Мәжілісінің депутаты, академик Кенжеғали Сағадиев, университет проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Қамзабекұлы, академик Ж.Әбділдин, тарих ғылымдарының докторы, профессор З.Қабылдинов, заң ғылымдарының докторы, профессор Ш.Тілепина, әлеуметтану ғылымдарының докторы А.Забинова, профессор Р.Тұрысбек, Д.Мадиярова, А.Тынышбаева, т.б. қатысты.

Бүгінгі күні әлемнің экономикалық дағдарыс жағдайында тұрғаны белгілі. Мамандар дүние жүзін шарпыған экономикалық дағдарыстан шығар жолды жұмыла іздеуде. Осыған байланысты ірі-ірі сараптама орталықтары, институттар мен экономистер дағдарыстан шығу жолын тынбай қарастырып жатыр. Өзірге белгілісі дағдарысқа жалғыз қарсы тұру мүмкін еместігі ғана. Әлемдік баспасөз бұл жөнінде үзбей ақпарат жариялап келеді.

“Осы орайда Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев алғаш рет 2 ақпанда “Российская газетада” шыққан “Дағдарыстан шығу кілті” атты мақаласында дағдарыстың туу түп-төркініне үңіліп, одан шығар жолдың жүйелі жолын көрсетіп отыр. Бұл мақала әлемдік экономистер мен сарапшыларға елеулі ой тастады. Елбасы дағдарыстан шығудың өңірлік, аймақтық шеңберінен шығып, дүниежүзілік ауқымдағы мәселесіне үңілді. Жаңа заманға сай ізденістер кешені ұсынылды”, — деді университет ректоры.

Елбасы мақаласында мұндай жағдайда әлем ұлттық, аймақтық мүдделер шеңберінен шығып, мәселені “дүниенің төрт көзі түгел отырып” шешу қажеттігін ұсынады. Мәселені әр қырынан, яғни философия, әлеуметтану, психология, экономика, саясаттану тұрғысынан қарау мақсатымен бас қосқан ғалымдар өз пікірлерін білдірді. Профессор Дихан Қамзабекұлының айтуынша, адамзаттың дағдарыс тұсындағы жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түспек. Ынсап пен имандылықты, жауапкершілікті әр азамат өз алдына мақсат етіп қоюы керек.

Ал әлеуметтану ғылымдары факультетінің деканы Зиябек Қабылдинов бұл құжат жөнінде: “Еліміз қалай дегенмен де дағдарысқа белгілі бір деңгейде дайындықпен келді. Мұны мойындауымыз қажет. Мұнайдан түскен қаржыны талан-таражға салмай, Елбасының көреген саясатының арқасында Ұлттық қор жинап алдық. Сондықтан осы жолғы қиындықтан қатты қиналмай шығарымыз анық. Қаржы дағдарысынан тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемді шығарудың жолын көрсеткен Елбасының бұл мақаласы өте маңызды. Онда ойлаудың жаңаша тәсілдері ұсынылып отыр. Ортақ валютаны шығару жөніндегі ойлары да орынды. Кезінде Л.Н.Гумилев қазақ халқы пассионарлықтың алдында тұр деген болатын. Осыны еске алар болсақ, экономикалық жағдайымыздың көп ұзамай қалпына келуі де мүмкін”, деген ойын айтты. Профессордың толеранттылық пен рухымыздың мықтылығы, халқымыздың байлығы арқылы дағдарыстан аман-есен шығамыз деген сенімді ойы отырғандардың көбінің көкейінен шықты. Экономика ғылымдарының докторы, профессор Д.Мадиярова болса Елбасы мақаласының терең мазмұнына, сараптамалық сипатына тоқталып өтті. “Әлемдік кеңістікте дүниежүзілік қаржы жүйесінің дағдаруы жылдан аса уақытқа созылып отыр. Мұның себебі, АҚШ-тың федералдық қор жүйесінің қолына берілген шексіз билік. Өйткені, 1971 жылы алтынмен алмастыру жойылған соң үсті-үстіне өндірілген ақшалар артығымен басылды. Әйткенмен де, бұл жағдайдың кейбір жақсы жақтары да бар. Мысалы, тек долларға мәжбүр болмай, жаңа ортақ экономикалық пирамидалардың пайда болуы мен жаңа ортақ валюта жасап шығару туралы батыл ой кім-кімнің басында да болғаны анық. Медведев, Саркози, Путин секілді ел басшыларының сөз қозғауы осыған дәлел. Ал мұны ашық айту Президентіміз Н.Назарбаевтың сенімділігі мен батылдығын көрсетеді”, — деді ол.

“Мен үшін мақаланың басты құндылығы Елбасы өз сабырлылығы мен тұрақтылығы арқылы халықты тыныштандырып отырғаны болып отыр. Себебі, адам әлсіз, психологиялық тұрғыдан қысым жасала берсе шыдамауы мүмкін. Ал Президент өзі сабырлықтың үлгісі болуы арқылы елімізді осы бір кезеңнен де алып шығарына сенімдімін”, — деді психология ғылымдарының кандидаты А.Тынышбаева

Дерек көзі: Венера Түгелбай, ЕҰУ студенті.

<https://old.egemen.kz/?act=readnews&id=2954>